

«БУКТРЕЙЛЕР» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЕЙНЕРОЛИКТЕР БАЙҚАУЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Ереже жалпы орта білім беру ұйымдарының білім алушылары үшін «Буктрейлер» Республикалық бейнероликтер байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізудің мақсаттарын, міндеттерін, қатысушылардың санаттарын, мерзімдерін, тәртібі мен шарттарын айқындайды.

Байқауға сүйікті кітаптары туралы бейнероликтер қабылданады. Буктрейлер – кез келген кітап туралы еркін, көркем түрде баяндайтын қысқа бейнеролик.

1.1. **Байқаудың мақсаты:** жалпы орта білім беру ұйымдары білім алушыларының эстетикалық түсініктерін, шығармашылық іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру, оқу белсенділігін арттыру негізінде тұлғалық дамуы.

1.2. **Байқаудың міндеттері:**

- Кітаптар мен пен оқуды көбейту және танымал ету;
- классикалық және заманауи әдебиеттің, оның ішінде ұлттық әдебиет шығармаларымен танысу үдерісіне қызығушылықты ынталандыру;
- балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамыту;
- әр түрлі жастағы оқушылардың оқу қызығушылықтарын кеңейту;
- оқушылардың шығармашылық дағдыларын қалыптастыру және дамыту;
- өз пікірін тұжырымдау және білдіру, оны дәлелдеу және қорғау қабілетін дамыту;
- өнер туындыларына көркемдік-эстетикалық қатынасты тәрбиелеу;
- бейнероликтер жасау дағдыларын дамыту.

1.3. **Байқаудың ұйымдастырушысы** – «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Ұйымдастырушы).

2. Байқауға басшылық ету

2.1. Байқауға жалпы басшылықты ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті).

2.2. Ұйымдастыру комитеті:

- Байқауды ұйымдастырушылық, ақпараттық және консультациялық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді;
- байқау комиссияның құрамы мен жұмыс тәртібін айқындайды;
- байқау жұмыстарын қабылдайды;
- байқаудың қорытындысын шығарады, қорытынды хаттамасын ресімдейді.

2.3. Байқау комиссиясы:

- Байқау жұмыстарына сараптама жүргізеді;
- қатысушылардың жұмысын бағалайды.

3. Байқауды өткізу мерзімдері, шарттары мен тәртібі

Байқауды өткізудің негізгі кезеңдері:

1-кезең: 15 сәуір - 6 мамыр – байқау жұмыстарын **cit_nigrch@mail.ru** электрондық поштасына қабылдау;

2-кезең: 6-13 мамыр – байқау комиссиясының жұмысы;

3-кезең: 14 мамыр – байқау қорытындысын «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» КЕАҚ-ның **orken_instituty** (Facebook, Instagram) парақшасында жариялау.

4. Байқауға қатысу тәртібі

Сапалы бейнеленген, ұзақтығы 3 минутқа дейінгі бейнеролик жасау.

Бейне форматы: MP4.

Бейнеролик және өзі туралы қысқаша ақпарат (аты-жөні, өңірі, мектебі, сыныбы).

Өтінім үлгісі

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Өңірі, мектебі, сыныбы	Жас санаты (7–10, 11–14, 15–17 жас)	Байланыс телефоны / мекенжайы	Жетекшісінің тегі, аты, әкесінің аты

Өтінім нысанын өзгертуге тыйым салынады!

Егер бірнеше қатысушы болса, онда олардың барлығы бір өтінімде көрсетіледі.

Өтінім мен бейнероликті поштаға бір электрондық хатпен жіберу керек. Бейнероликтің атауы хаттың атауына сәйкес келуі керек.

5. Байқау жұмысына қойылатын талаптар

- Жұмыс авторлық, үшінші тұлғалардың кез келген құқықтарынан тыс болуы тиіс.
- Авторлық құқықтың сақталуына өз жұмысын жіберген Байқауға қатысушы және оның заңды өкілі жауапты болады.
- Жұмысты қатысушы өз бетінше, бөгде адамдардың көмегінсіз орындауы тиіс.
- Қандай да бір көздерден көшірілген жұмыстар Байқауға жіберілмейді.
- Бейнероликтің мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасына және моральдық-этикалық нормаларға қайшы келмеуі тиіс.
- Ұйымдастыру комитеті осы Ережеге сәйкес келмейтін жұмыстарды қарастырмайды.

5.1. Жұмысын Байқауға жіберу арқылы қатысушы осы Ереженің барлық тармақтарымен автоматты түрде келіседі.

5.2. Байқауға жас санаттары бойынша 7-17 жас аралығындағы жалпы орта білім беру ұйымдарының білім алушылары қатысады:

кіші жас санаты: 7-10 жас;

орташа жас санаты: 11-14 жас;

үлкен жас санаты: 15-17 жас.

5.3. Бір білім беру мекемесінен ұсынылған жұмыстардың саны шектелмейді.

6. Жұмысты бағалау критерийлері

6.1. Жұмыстарды Байқау комиссия келесі критерийлер бойынша бағалайды.

1. Буктрейлер сценарийінің кітап мазмұнына сәйкестігі
2. Шығарманың мазмұнын түсіндірудің толықтығы мен тереңдігі
3. Қабылдау мен түсіндірудің даралығы
4. Материалды берудегі өзіндік ерекшелігі, жаңалығы
5. Бейне түсіру сапасы (дыбысы, бейнеленуі, кадрға бөлудің анықтығы және т. б.)
6. Бейнеролик жасауға шығармашылық көзқарас (монтажы, дауысы, эффекттер және т. б.)

7. Байқау қорытындысын шығару

7.1. Байқау жеңімпаздары Байқау комиссиясының әрбір мүшесінің бағаларын жинақтау нәтижесінде алынған ең көп балл сомасы бойынша айқындалады.

7.2. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдармен (электрондық форматта) марапатталады.

7.3. Жұлделі орындар санына квота белгіленбейді.

7.4. Жұмыстары осы Ережеге сәйкес келетін барлық қатысушылар Байқауға қатысушының сертификатын алады (электрондық форматта).

Ескерту: *6 мамырдан кейін жіберілген жұмыстар қарастырылмайды.*